

Shakhazhanova Gulnar Karimjankızı'nın "S. Kaskabasov: Halkbilimci ve Akademisyen" Konulu "6D020500 - Filoloji" Uzmanlığı Felsefe Doktoru (PHD) Derecesi İçin Hazırladığı Tez Çalışması Hakkında Yabancı Danışman Tarafından Yapılan

DEĞERLENDİRME

G.K. Shakhazhanova'nın bilimsel araştırma konusu, Prof. Dr. S. Kaskabasov'un eserleri üzerine kurulmuştur. Halkbilimci Seyit Askeroğlu'nun bilimsel araştırmaları, Kazak folklor çalışmaları alanını yakından ilgilendirmektedir. Prof. Dr. Seyit Kaskabasov, çalışmalarında eski çağlardan günümüze kadar Kazak folkloru ve edebiyatının gelişim yönlerini, yollarını, güncel meselelerini, temel özelliklerini ve toplumla ilişkilerini ortaya koymayı amaçlamıştır.

G.K. Shakhazhanova'nın tez çalışmasının içeriği 3 bölümden oluşmaktadır:

1. Bölüm: Kazak Mitolojisi Sorunları ve Kaskabasov
2. Bölüm: Kazak Masalları Sorunları ve S. Kaskabasov
3. Bölüm: Kazak Epik Destanları Sorunları ve S. Kaskabasov.

Araştırmacı, eserinde bilim adamının eserlerini derinlemesine analiz edebilmiştir. Prof. Dr. S. Kaskabasov'un araştırma yöntemlerinden hareket ederek, folklor türlerinin iç yapılarının bu araştırma yöntemlerine göre sınıflandırılmasındaki nedensel işaretleri açıkça gösterebilmiştir.

G.K. Shakhazhanova S.A. Kaskabasov'un araştırmasının temel özelliklerinden biri olarak, efsanelerin değişiklik ve farklılıkların nedenlerini, verileri ve olayları belirleme yöntemiyle 6 türlü tasnifini göstermesidir. Bu sebepler, tarihî dönemlere göre efsanelerin içerik özelliklerinin, zaman ve tarihî olay içeriği arasındaki ilişkinin, sonraki dönemin anlatıcıları geleneğinin halkın arzu dilekleriyle uyum sağladığı gösterilmektedir.

Herhangi bir bilimsel araştırmanın ana içeriği, kendisine verilen terimle ortaya çıkar. S. Kaskabasov'un "Efsane (legenda)", "Hikâye (predaniye, hikayat)", "Epik Şiirler (kahramanlık destanlar)" vb. terimlerin çözümlenmesi, yalnızca belirli bir isme verilmiş tanım olarak değil, kavramın bütününe bilimsel özelliklerini ortaya koyan bir işaret olarak kabul edilir.

Halk bilimi türlerinin toplumsal bilgi ve eğilimlerine göre tasnif edilmesinin önemini ortaya koymaktadır. Efsanelerin başlıca türleri 4 gruba: mit, hikâye, efsane, destan-hikâye olarak ayrılarak tasnif edilmiştir. Bu edebî tür özellikleri olarak sanatsal seviyesinin sadeliği, olay örgüsünün güvenilirliği ve her zaman sabit olay örgüsünün bulunmadığı tespit edilerek efsanelerin kökenleri, anlatım amaçlarını ve değişim nedenleri karşılaştırmalı olarak analiz edilmiştir. Bu tür çalışmalar neticesinde Kazak efsanelerinin tasnifinin bilimsel yöntemlerinin uygulanabilirliğini kanıtlayabilmiştir.



Prof.Dr. Kaskabasov'un folklor alanındaki temel çalışmalarından biri mitoloji ile ilgilidir. Bundan önce Kazak halk biliminde mitolojiyi ayrıntılı olarak ele alan ve tür özelliklerini ayrıntılı olarak inceleyen bir ilmî çalışmaya rastlanmamıştır. S. Kaskabasov, Kazak mitolojisi üzerinde ilmî araştırma başlatan ilk bilim adamıdır. Bilim adamı, dünya folklor biliminin mitolojik bakış açılarını biraraya getirerek Kazak mitlerine has özellikleri tespit etmiştir. S. Kaskabasov, efsanevi hikâyeleri, tanrılarla ilgili antik Yunan ve Roma hikâyelerinin dar çemberinden çıkarmıştır. Kazak mitolojisinin Kazak bilgi ve anlayışında öyküler yoluyla zengin bir edebî ve bilişsel miras olduğu görüşünü ileri süren araştırmacı G.K. Shakhazhanova, bu alanda çalışmalar yapan akademisyen S. Kaskabasov araştırmalarının bilimsel bulgularının yeniliğini, mitik bilincin bilimsel önemini, yaratıcılık, mitik temsilin nedenlerini vb. teorik düşüncelerle ispatlamaya çalışmıştır.

J.Fraser, E.Taylor, L.Levy-Bruhl, S.H.Huk, T.H.Gaster, E.O.James, K.T.Preuss, E.Druckheim, L.Levy-Bruhl, S.S.Averintsev, F.H.Cassidy, E.M.Meletinsky, V.Y.Propp, A.S. Tokarev gibi farklı kültürlerin mitleri araştırmacılarının eserlerini, Kazak mitleri hakkında araştırma yapan Ş. Ualihanov, M. Auezov, A. Konıratbayev çalışmaları ile bağlantı kurarak karşılaştırmalı bir çalışma yapılmıştır ve S. Kaskabasov'un mitler üzerindeki çalışmalarında açıklayıcı, psikolojik ve sosyal tiplere göre sınıflandırmıştır. Kazak mitolojisinin açıklayıcı bir kurgu üzerindeki oluşumunun karakterize edildiğini kanıtlamıştır.

S. Kaskabasov'un bilimsel çalışmaları arasında en önemli eserlerinden biri Kazak masallarının tür ve özelliklerine ayrılmıştır. Bilim adamının masalları tür bakımından hayvanlarla ilgili masallar, olağanüstü olaylar, kahramanlık, hikâye, hiciv (satirik) konuları bakımından sınıflandırması bilimsel bir yenilik olarak kabul edilebilir.

Halk Edebiyatında bir kahramanlık masal türü olan masal türleri hakkında dört farklı anlamı açıklar. S. Kaskabasov'un kahramanlık hikayesi hakkındaki bilimsel görüşleri V.M. Zhirmunsky'nin Güney Sibiryâ Türk-Moğollarının antik destan türü ile E.N. Meletinsky'nin Ugor, Tungus-Mançurya, Sibiryâ halkları ile ilgili eserlerinin yanı sıra hikaye şeklindeki destanları, A.M. Astakhova'nın sonraki zamanlarda ortaya çıkan masal eserleriyle bağlantılı olarak ele alınmıştır (88-89 sayfalar). S. Kaskabasov'un masal türü hakkındaki bilimsel görüşleri tablo şeklinde gösterilmiştir. Tabloda, S. Kaskabasov'un masal türlerinin ortaya çıkışı, temel özellikleri ve türleri hakkındaki bilimsel düşünceleri özetlenmiştir.

S. Kaskabasov'un araştırmalarında Kazak masallarının gelişiminin kendine özgü özelliklerinin ve bunun yalnızca ülkenin sosyal tarihi, yaşam tarzı ve gelenekleri, doğal ortamı ile süreklilik içinde belirlendiği tespit edilmiştir. Masalların tasnifi yapılırken insanlık tarihi ve ülke tarihinin de dikkate alınarak hazırlandığı belirtilmektedir. S. Kaskabasov'un araştırmalarında masaldaki döngünün her türün sınıflandırılması ve analizi sırasında belirlenebilen bir özellik

olduđu gösterilmektedir. Bilim adamının masallar üzerine yaptıđı arařtırmaların öneminin, türün bir bütün olarak kültürel ve edebî bir deđer olarak deđerlendirilmesinden kaynaklandıđına inanmaktadır. Bu yüzden S. Kaskabasov'un masal poetikası ve metinbilimi üzerine yaptıđı arařtırmaların da dođru olduđu kanaatindedir.

Masal metinbilimi bir bütün olarak, masalın tür yapısını ve muhtevasını, içeriđi ve dilini, üslup ve sanatsal özelliklerini, menşei ve karakter sistemini somut örneklerle analiz eden bilim adamının fikirlerini ortaya koymuştur. Metinbilimsel arařtırma yapılırken, hikâyecinin (hikâye anlatan kişinin), dinleyicinin, kaydeden kişinin, el yazıları çalıřmaları, matbaacı ve onun görüşleri, fikirleri ve kanaatlerinin arařtırma çalıřmaları sırasında çok önemli olduđuna dikkat edildiđi belirtilmiştir. Halk bilimi şiir türleri, bir milletin devletleşmesinin başlıca özelliklerinden sayılmaktadır. Bilim adamı, destanın türsel özelliklerini belirlerken, kabile amaçlarından devlet amaçlarına kadar uzanan mesafeye dikkat etmiştir. Destanlar, menşei, amaç ve içeriklerine göre řu şekilde sınıflandırılır: eski epik destanlar, kahramanlık destanlar, aşk destanı, tarihî destanlar, dinî destanlar, toplumsal aşk destanı, masal destanı, epik türküler.

Arařtırmacı G.K. Shakhazhanova, bilim adamı S.Kaskabasov'u, Kazak halk biliminin ilmi teorisinin kurucusu olarak deđerlendirmektedir. Bu fikre delil olarak S. Kaskabasov'un, edebiyat türünü, folklor arařtırmalarında çok önemli bir kategori olarak kabul ettiđi görüşleri ve onun bireysel özelliklerini tanımladıđı fikirlerini ileri sürer.

Bu nedenle, yukarıda belirtilen görüşlere dayanarak, önerilen bilimsel arařtırmanın uygulama düzeyi, teorik ve pratik önemi sistemli ve bilimsel nitelikte hazırlandıđını belirterek, arařtırmacı Gulnar Shakhazhanova'nın "S.Kaskabasov, Halkbilimci Akademisyen" konulu "6D020500 - Filoloji" uzmanlıđı Felsefe Doktoru (PHD) derecesi için hazırladıđı tez çalıřmasının savunmaya sunulabileceđini öneriyorum.

Yurt Dıřı Danıřmanı:

Gazi Üniversitesi

Türkçe Öğrenim Arařtırma ve Uygulama Merkezi (TÖMER) Müdürü

Prof. Dr. Nezir Temur

6D020500 – «Филология (қаз)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Шахажанова Гульнар Каримжановнаның «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» атты диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Г. К. Шахажанованың ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы академик С. Қасқабасовтың еңбектеріне арналған. Фольклоршы Сейіт Асқарұлының ғылыми зерттеулері қазақ фольклортану саласымен тығыз байланысты. Ғалымның еңбектері қазақ фольклоры мен әдебиетінің ежелгі түп-тамырынан бастап, кейінгі кезеңдерге дейінгі даму бағыттарын, жолдарын, өзекті мәселелерін, басты сипаттарын, қоғаммен байланысын ашуға арналған.

Г. К. Шахажанованың диссертация жұмысының мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1. Бөлім: Қазақ аңызтану мәселелері және С. Қасқабасов
2. Бөлім: Қазақ ертегітану мәселелері және С. Қасқабасов
3. Бөлім: Қазақ эпостану мәселелері және С. Қасқабасов.

Зерттеуші өз еңбегінде ғалым еңбектерін терең талдай білген. Ғалымның зерттеу әдіс-тәсілдерін дұрыс түсіне отырып, сол зерттеу әдіс-тәсілдеріне қарай фольклор жанрларының ішкі құрылымдарын жіктеудегі себеп-салдарлық белгілерін нақты көрсеткен.

Г. К. Шахажанова С. А. Қасқабасов зерттеулерінің басты ерекшеліктерінің бірі етіп, өзгерістер мен айырмашылықтар, деректер мен оқиғалардың себептерін анықтау әдісі арқылы аңызды 6 түрге жіктеуін көрсетеді. Бұл себептерге уақыт пен оқиға мазмұны арасы, келесі кезең айтушыларының халық тілегімен сабақтастығына қарай халық тарихы кезеңдеріндегі аңыз мазмұнындағы сипаттар анықталатынын көрсетеді.

Кез келген ғылыми зерттеудің басты мазмұны оған берілген терминмен ашылады. С. Қасқабасовтың «легенда», «предание» «эпсана», «хикаят», «батырлық жыр» т.б. терминдеріне қатысты талдаулары тек қана белгілі бір атауға берілген анықтама деп алынбай, тұтас сол түсініктің ғылыми сипаттарын ашатын белгі деп қарастырылады.

Фольклорлық жанрлардың өзара байланысын қоғамдық таным мен үрдістерге қарай жіктеуінің маңызын ашыды. Аңыздық прозаның үлкен түрлерін 4 топқа бөліп, миф, хикая, аңыз, эпсана-хикая деп жіктеу арқылы белгілеуін, жанр ерекшеліктері көркемдігінің қарапайымдылығы, сюжетінің сенімділігі, әрі үнемі тұрақты бола бермейтіндігі деп анықтауы негізінде олардың шығу тегі, айтылу мақсаттары, себептерін де салыстыру мен талдау арқылы ашады. Осы арқылы қазақ аңыздарын жүйелеудегі ғылыми әдіс-тәсілінің өміршеңдігін дәлелдей алған.

Ғалым С. Қасқабасовтың фольклортанудағы іргелі зерттеулерінің бірі – мифологияға қатысты. Қазақ фольклористикасында бұған дейін мифті

жекелеп алып, жанрлық белгілерін бөлшектей зерделеген еңбек болған жоқ. С. Қасқабасов қазақ мифологиясын айналымға енгізді. Ғалым әлемдік фольклортану ғылымындағы мифологиялық ойларды жинақтай келіп, қазақ мифтерінің өзіндік өзгешеліктерін анықтап береді. С. Қасқабасов мифтік әңгімелер бұған дейін құдайлар туралы ежелгі грек, рим әңгімелері деген тар шеңберден шығарады. Қазақ танымындағы, түсінігіндегі әңгімелер арқылы қазақ мифологиясының да бай әдеби, танымдық мұра екенін анықтайды дейтін зерттеуші пікірі осы саладағы академик С. Қасқабасов зерттеулерінің ғылыми тұжырымдарының жаңашылдығын, ғылыми маңызын мифтік сана, жасампаздық, мифтік бейнелену себептері т.б. теориялық ойларымен дәлелдейді.

Дж. Фрезер, Э. Тайлор, Л. Леви-Брюль, С. Х. Хук, Т. Х. Гастер, Э. О. Джеймс, К. Т. Пройс, Э. Дрюкгейм, Л. Леви-Брюль, С. С. Аверинцев, Ф. Х. Кессиди, Е. М. Мелетинский, В. Я. Пропп, А. С. Токарев т.б. әлем халықтары мифтерін зерттеушілердің, қазақ мифтері туралы Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев т.б. еңбектерімен сабақтастыра, салыстыра келіп, С. Қасқабасовтың мифті түсіндірмелі, психологиялық, әлеуметтік түрлерге жіктеуін көрсетеді. Қазақ мифологиясына түсіндірмелі белгі тән болатындығын анықтайтынын дәлелдейді.

С. Қасқабасовтың ғылыми еңбектерінің ішінде шоқтығы биік бір белесі қазақ ертегілерінің жанрлық ерекшеліктеріне арналады. Ғалымның ертегілік прозаны жануарлар жайлы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық, сатиралық деп жіктеуі ғылыми жаңалық деп бағаланады.

Ертегілердің бір түрі батырлық ертегі туралы фольклортанудағы төрт түрлі мағынаны түсіндіреді. Ғалымның батырлық ертегі туралы ғылыми ұстанымының негізін В. М. Жирмунскийдің Оңтүстік Сібірдің түркі-монғолдарының көне эпос жанрымен, Е. Н. Мелетинскийдің угор, тунгус-манчжур, Сібір халықтарының әңгіме түріндегі эпостан басқа шығармаларымен, А. М. Астахованың кейінгі замандарда пайда болған ертегі түріндегі туындылармен сабақтастырады. Зерттеуші өз еңбегінде (88-89-беттер) С. Қасқабасовтың ертегі жанры туралы ғылыми тұжырымын нақты кестеге түсіріп берген. Кестеде ғалымның жанрдың пайда болуы, негізгі сипаттары, түрлері туралы ғылыми ой-тұжырымдары нақты жинақталып берілген.

Ғалым зерттеулеріндегі қазақ ертегілері дамуының өзіне тән сипаттары, әрі оның елдің қоғамдық тарихымен, тұрмысы мен салт-дәстүрімен, табиғи ортасымен сабақтастықта ғана анықталатынына баса көңіл бөлінетінін анықтай отырып, ертегіні топтарға бөлудегі адамзат тарихы, ел тарихы назарға алынатынын дұрыс анықтай білген. С. Қасқабасов зерттеулеріндегі ертегідегі циклдену әр түріне жіктеу мен оны талдау кезінде анықталатын белгі екені көрсетіледі. Ғалымның ертегі туралы зерттеулерінің маңызы жанрды тұтас мәдени, әдеби құндылық болып бағаланатындығында деп есептейді. Сондықтан да С. Қасқабасовтың ертегі поэтикасы мен текстологиясына қатысты зерттеулерін де дұрыс қарастырған.

Ертегі текстологиясы тұтасымен ертегінің жанрлық табиғаты мен

құрылымы, мазмұны мен тілі, стилі мен көркемдік ерекшеліктері, тегі мен кейіпкерлер жүйесіне талдау дейтін ғалым ойларын нақты мысалдармен ашқан. Текстологиялық зерттеу жүргізуде ертегі айтушы, тыңдаушы, жазып алушы, қолжазбамен жұмыс, бастырушы, оның көзқарастары, пікірі мен ұстанымы туралы пікірлерінің де ғылым үшін маңызды екеніне назар салынған. Фольклордың поэзиялық жанрлары халықтың мемлекет болуы, ел болып қалыптасуының басты белгісі деп бағаланады. Ғалым эпостың тектік сипаттарын анықтауда рулық-тайпалық мақсаттардан мемлекеттік мақсаттарға дейінгі аралығына мән береді. Оларды шығу тегіне қарай, көтерер жүгіне қарай, мақсат-мүддесіне, мазмұнына қарай: көне эпос, батырлық эпос, ғашықтық эпос, тарихи эпос, дастандық эпос, ғашықтық дастандар, қаһармандық дастандар, діни дастандар, әлеуметтік сүйіспеншілік дастандар, ертегілік дастандар, балладалық жыр деп бөледі.

Зерттеуші Г. К. Шахажанова ғалым С. Қасқабасовты қазақ фольклортану ғылымының мәртебесі мен теориясын негіздеуші деп бағалайды. Оған дәлел ретінде С. Қасқабасовтың фольклортанудағы жанр аса маңызды категория деп тани отырып, оның жекелік сипаттарын анықтауында деп көрсетеді.

Шахажанова Гульнар Каримжановнаның «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» атты диссертациялық еңбегі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Гази Университеті.

TOMER Түрік тілін оқыту, зерттеу және

тәжірибе орталығының директоры,

доктор Незир Темур

Құжаттың түрік тілінен қазақ тіліне аударма-мәтіні менімен, аудармашы Журтыбаева Гулназ Мухамедалиевнамен жасалған.

Имя переводчика Журтыбаева Гулназ Мухамедалиевна

Подпись _____

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, сегізінші қараша екі мың жиырма үшінші жыл.
Мен, Абылкасымова Айман Турехановна, 10.08.1998 жылы Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігімен берілген № 0000189 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет
етуші, Алматы қаласының нотариусы, маған танымал аудармашы Журтыбаева Гулназ
Мухамедалиевнаның қолтаңбасының шынайылығын куәландырамын. Аудармашының
жеке тұлғасы анықталды, әрекет қабілеттілігі мен өкілеттіктері тексерілді.



Тізілімде тіркелген: 3301
Төленген сома: ҚР «Нотариат туралы» заңның сәйкес
Нотариустың қолтаңбасы (қолтаңба) _____



ES6301553231108152326P56528B

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия